

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Тікелей шетелдік инвестициялар





Инвестицияның екі түрі болады: тікелей және жанама. Жанама инвестицияны портфолиялық инвестиция деп атауға болады. Инвестор шетелдік компаниядан 10%-дан кем мөлшерде ғана сатып алады. Тікелей шетелдік инвестициялар негізінен резиденттің шетелдегі белгілі бір өндіріс саласына қаржы құйып, сол өндіріс саласын дамытуға және болашақта пайда табуға көзделген инвестиция түрі. Бұл инвестиция бойынша инвестор шетел компаниясына 10% көп мөлшерде акцияны сатып алып немесе содан да көп мөлшерде қаржы құюы керек. Осы жағдайда бұл инвестиция тікелей болып табылады.

ТШИ-ді екі топқа бөлуге болады: 1) Таза инвестиция. Бұл таза инвестиция бойынша инвестор сол мемлекеттің сатылу балансында белгіленген капиталға өзінің негізгі капиталын салып, сол өндіріс орнын дамытуға үлес қосады. 2) Инвестицияның жылыстауы. Бұл жағдайда инвестиция бір жерден екінші жерге көшіп отырады. Мысалы, 2013 жылы ТШИ-дің ең ірі бенефициарлары: Қытайға 348 млрд \$ инвестиция құйылған, АҚШ-на 295 млрд \$, Бразилияға 81 млрд \$, Үндістан 28 млрд \$, Жапония 4 млрд \$ және Сингапур 64 млрд \$ инвестицияға ие болды.

ТШИ-ге не әсер етеді? Негізгі фактордың бірі – мемлекеттің заңнамалық базасы, макроэкономикалық көрсеткіштер, тұрақтылық және тәуекелдер деңгейі, бизнес жүргізудің жеңілдігі.

Қарастырып отырған кітапта халықаралық аренада инвесторларға жақсы жағдай жасалған мемлекеттердің тізімін көруге болады. Сол тізімнің басында Сингапур мемлекеті тұр. Жаңа Зеландияда да инвесторларға көптеген жеңілдіктер жасалады екен. Көршілес Ресей мемлекеті инвестиция тартудан 62-ші орында тұр. Мемлекеттер ТШИ тарту үшін қандай шаралар қолдану керек? Инвесторлар өзге елдердегі жұмыс күшінің арзан болғандығына байланысты сол мемлекеттің аумағына инвестиция құрады. Шикізаты мол елдерге де инвестиция көп құйылады. Кей инвесторлар елдердегі салық заңнамаларына да назар аударады. Көп инвестиция тарту мемлекетке үлкен пайда әкеледі. Мемлекет инвестиция арқылы қаржы тартады. Сонымен қатар, инвестор өз қызметін тоқтатқаннан кейін сол зауыт мемлекеттің аумағында қалып, жұмысын жалғастыра береді. Екіншіден, елде жаңа жұмыс орындары ашылады. Осының барлығы мемлекеттің экономикасының дамуына ықпал етеді.

Инвестиция тартудың қосымша тиімділіктері бар. Ол тиімділіктер екіге бөлінеді: көлденең және тікелей. Мысалы, Жапония Тайландқа ақша құйып, өз өндірісін ашқан кезде олар технологияның жасалу ерекшеліктерін, персоналды басқару менеджменті, яғни технологияны қолдану сияқты басқа тәжірибелерді алады. Көлденең тиімділігі – еңбек нарығы арқылы ілімнің көшуі. Жергілікті халық шетел компаниясында істеп, белгілі бір ілімді үйренеді. Бұл жағдайда бәсекелестіктің тиімділігі де болады. Шетел компаниясы өнімінің сапасына қарай жергілікті компаниялар өз тауарының сапасын жақсартуға тырысатын болады. Тікелей тиімділік кезінде көбінесе инвесторлар тауардың сапасына үлкен мән береді, яғни жергілікті тұтынушыға сапалы тауар жеткізіледі. Тікелей тиімділік инвестордың дистрибьюторға қоятын талабына байланысты. Мысалы, өндіріс орнын ашқан инвестор өз тауарларын дистрибьютор арқылы сатады. Бұдан жергілікті дистрибьюторлардың қызмет сапасы жоғарылайды. Көбіне инвесторлар шетелге инвестиция құю алдында сол елдегі ресурстарға қолжетімділікті зерттеп алады. Мысалы, адами ресурс, табиғи ресурс, аралық тауарларды өткізу мүмкіндігіне де қарайды.

ТШИ-дің түрлері: 1) Greenfield, таза алаң инвестициялары. Бұл жағдайда инвестор өз капиталын жаңа өнім өндіруге құяды, яғни олардың бәсекелестері болмайды. 2) Бірігу мен жұтылу. Кейде инвесторлар компанияларға қаражат құяды, уақыт өткен соң сол компанияны толық сатып алады. 3) Бірлескен кәсіпорын ашу. 4) Франшиза да инвестиция құюдың бір түріне жатады.

ТШИ-дің стратегиялары. Өсуші тәуекел стратегиясы. Шетелдік нарыққа шығу үшін компания бірінші тауарды экспорттап көреді, тауарлар жақсы өтсе, филиалдар ашады. Кейін филиал арқылы да тұтынушыны қанағаттандыра алмай жатса, сол елге инвестиция құйып өндіріс орнын ашады. Екінші стратегияға *Oli framework*-ті жатқызуға болады. Бұл жағдайда бәсекелестік меншік иесі сол нарықтың сеніміне кіру және интернационализация, өз құпиясын өз ішінде сақтап қалу. Үшіншісі бақылау стратегиясы. Бақылау жүргізу барысында инвестор аз қаржы салып, көп пайда табу мақсатын жүзеге асырады.



ТШИ-дағы халықаралық реттеу. ТШИ-ді халықаралық реттеуде ДСҰ үлкен рөл атқарады. ДСҰ миссиясы – ДСҰ-ға мүше-мемлекеттерге талап қою. Ол талаптарға мыналарды жатқызуға болады:

- 1) өндірісте жергілікті үлестің болу талаптары;
- 2) сауда балансын сақтау талаптары;
- 3) ішкі нарықта сату талабы;
- 4) технологиялар трансферіне қойылатын талаптар;
- 5) экспорттың тиімділігіне қатысты талаптар;
- 6) шетелдік капиталға қатысты шектеулер;
- 7) шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша шектеулер.

Инвестицияларды екіжақты қорғау туралы шарттар бар. Мысалы, экспроприациялау қаупі, жергілікті контентке қойылатын талаптар және дауларды шешу.